

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№ 246 (9308) | 1953 жылғы 16 декабрь Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Колхоз председатели

Коммунистік партияның деревняны социалистік жолмен қайта құру, колхоз құрылысын орнатып, нығайту жолындағы күресте жеткен аса зор жеңістерінің бірі колхоз өндірісінің сан мыңдаған талантты ұйымдастырушыларын, колхоз басшыларын тәрбиелеп, өсіргендік болып табылады.

Совет елі колхоз деревнясында тәжірибелі басшы кадрлардың және ең алдымен колхоз председателдерінің көптеген отряды өскенін орында мақтан етеді. Жүздеген және мыңдаған колхоздар қоғамдық шаруашылықты өркендетіп, нығайтуда, егінің шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда, колхозшылардың материалдық және мәдени дәрежесін көтеруде аса көрнекті табыстарға жетті.

Озат колхоздар бұл елеулі табыстарға едәуір дәрежеде өздерінің басшы кадрларының, колхоз басқармаларының және әсересе, колхоз председателдерінің арқасында жетті. Колхоздың табыстарға жетуі немесе жұмысының сәтсіз болуы ең алдымен председатель тарапынан басшылық етудің сапасына байланысты десек, мұның өзі асырын айтқандық болмайды.

Совет елінде Москва облысы, Раменск ауданы, Молотов атындағы колхоздың председатели Николай Иванович Пузанчиковтың есімі жалпы жұртқа мәлім. Бұдан үш жыл бұрын өндіріс дәрежесі жөнінде Молотов атындағы колхоздан едәуір артта қалған бірқатар шағын артельдер осы колхозға қосылған болатын. Пузанчиков жолдас бастаған колхоз басқармасының істі шеберлікпен жүргізуі арқасында өткен үш жылдың ішінде колхоз тұтас алғанда, соның ішінде оған қосылған бұрынғы артта қалған артельдер де қарыштан алға басты, жоғары өркендеген және мол табысты шаруашылыққа айналды. Бір сыйырдан орта есеппен сауылған сүт 2500 килограмнан 4208 килограмға дейін артты. Колхозшылардың әрбір еңбеккүшіне ақшаға балағанда 26 сом дерлік ақша берілді. Ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау үшін елімізді тұтас алғанда егістік, шабындық және жайылымдық жердің әрбір 100 гектарына өнім өндіру жөнінде белгіленген нормаларды колхоз кәзірдің өзінде асыра орындады.

руға тура келіп отыр. Бұл — қыйын міндет, бірақ, колхоздар оны орындай алады, бұл міндетті шешуге болады және ол шешілуге тиіс.


Партия ұйымдары колхоздарды тәжірибелі, тапсырылған істі жете білетін және сүйейтін атқаратын председателдермен неғұрлым тез нығайтатын болса, СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде белгілеген шұғыл шаралар солтүрлім ойдағыдай жүзеге асырылады. Председателдің колхоздағы шешуші тұлға екендігін түсіну керек. Ол партияның сеніміне, колхозшылардың сеніміне ие болып отыр. Ол — партия мен үкметтің директиваларын, колхозшылардың талабын тікелей орындаушы. Бірақ, мұндай жоғары міндеттерді орындау әркімнің қолынан келе бермейді. Бұдан туатын қорытынды мынау: колхоз председателдерін іріктен алу және тәрбиелеу партия ұйымдарының аса маңызды міндеті болып табылады. Аудандық партия комитеттерінің жұмысына баға бергенде ең алдымен олардың председатель кадрларын қалай іріктен алатындығын, олардың председатель кадрларын нақты жұмысқа қалай үйретіп отырғанын еске алу қажет.

Соңғы уақытта жеке партия ұйымдары колхоз председателдерін іріктен алу ісін біраз жақсартты. Белорусияда колхоз председателдерінің қызметіне жоғарылату мақсатымен қызметкерлердің үлкен тобы, соның ішінде ауыл шаруашылығының 118 маманы іріктеліп алынды. Бұлардың ішінде аудандық және облыстық буындағы партия және совет қызметкерлері аз емес.

Мұнымен бірге еліміздің бірқатар аудандарында колхоз председателдерін іріктен алу және тәрбиелеу ісінің қанағаттанғысыз жүргізіліп отырғанын атап айтуға болмайды. Калинин облысын мысалға алайық. Мұнда колхоздардағы басты жұмысқа ұсынуға болатын бірнеше адам ғана іріктеліп алынған. Бірақ облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің қызметкерлері осы адамдардың шағын тобының өзімен шындырап таныспаған, олардың іскерлік сапасын білмейді.

Киров облысында да жағдай осындай. Мұнда көптеген колхоздарды тәжірибелі

Жаңа жылды жаңа табыстармен қарсы алайық!



Хамит Бейсенов Совет Армиясы қатарынан оралғаннан кейін қаладағы шағын двигательдер зауытына токарлық көмекшісі болып орналасқан болатын. Көзір ол токарлық мамандықты толық меңгерді. Жаңа жыл қарсаңында Бейсенов жолдас тапсырмасын үнемі біржағрым есе асыра орындап жүр. СУРЕТТЕ: X. Бейсенов жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Бір сменаның адамдары

Петропавл станциясы. Ауыр жүк тиеген поезд жүрісін баяулатып, станцияға тоқтауға келе жатыр. Бұл кезде вагоншылар поезд келе жатқан жолдың екі жағына бөлініп тұра қалған еді.

Поезд тоқтасымен вагоншылар составты екі жағынан бірдей байқауға кірісті. Вагон байқаушылар вагондардың әрбір тетігін мұқият тексеруде. Олар вагондардың ақаулы жерлерін бормен таныбайды да, келесі вагондарды байқауға көшеді. Бұлардың артынан вагон жөндеушілер мен майлаушылар да жұмысқа кірісті. Слесарь Сыздықов пен майлаушы Альков составтың алдыңғы жағынан санағанда төртінші вагонның тежеу тетігін жөндей бастады. Ал, Полянский мен Райков екінші бір вагонды гидравликалық домкратпен көтеріп, оның буксыларын ауыстырып жатыр. Ақау табушылардың да, жөндеушілер мен

реміз. Қажетті құрал-саймандарды, кілт, балғаларды, электр қуатымен темір пісіретін линияларды майлау проводтарын жұмысқа мұқият әзірлейміз. Станция кезекшісі арқылы поезддарды қабылдау және жөнелту жоспарымен алдын-ала танысамыз, — деп жауап береді.

Составты тез және тыңғылықты байқаудан өткізуде поезд-вагон мастерлерімен тығыз байланыс жасаудың зор маңызы бар, — дейді Трегубенко жолдас. Олар өздері алып келе жатқан поезддың техникалық жайын, қай вагонда қандай ақаудың бар екендігін бізге алдын-ала хабарлайды. Мысалы, жуырдағы бір сменана поезд мастери Тоқшын станциясынан бізге алдыңғы жағынан есептегенде 8 вагонның буксыларын ауыстыру қажет екендігін хабарлады. Вагон бақылаушы Мельников, слесарьлар Сыз-

Бүгін таңда колхоздардың алдында жауапты міндеттер тұр. Малдың ойдағыдай қыстап шығуын қамтамасыз ету, көктемгі егіске арнап тұқым кұйып, қысқы агротехникалық шаралардың жоспарын орындау қажет. Осы практикалық зор жұмысты колхоздардың председателдері, колхоздардың партия ұйымдары басқаруға міндетті.

Көктемгі егіске тыңғылықты әзірлену мол өнімнің негізі

Егіннен мол өнім алу үшін оған күн ілгері әзірленудеміз

Егіннен мол өнім алудың кілті — егіншілердің өз қолында. Егер егіншілер егіске әзірлікте, оны өткізуде, күтуде және жыйнауда агротехникалық шараларды мүлтіксіз жүзеге асыра білсе, сөз жоқ егіннің өнімі де мол болады. Мұны біз көп жылғы тәжірибеден көріп келеміз.

Біздің бригада өткен жылы көктемгі егіске күнілгері, жақсы әзірленді. Барлық тұқым тазартудан толық өткізіліп, өңіштік сапаға жеткізілді. Көп алаңға қар тоқтатылды. Жергілікті тыңайтқыштар жеткілікті мөлшерде дайындалды. Плуг, тырма, арба, жегу әбзелдері сыяқты саймандар жөндеуден сапалы өткізілді.

Осы сыяқты, жақсы әзірлік егіс жұмыстарын көктемнің ең қолайлы мерзімінде бастап және аяқтауға мүмкіншілік берді. Сөйтіп, біздің бригада өткен көктемде тек дәнді дақылдардың өзінен ғана 1350 гектар егін екті. Мұның басым көпшілігі өткен жылы дайындалған пар мен зябье себілді.

Егінді күту жұмысын жақсы ұйымдастырдық. Жекелеген учасоктерде арамшөп болмай қойған жоқ. Бірақ, біз оның етек алып өсуіне жол бермей, жұлып құртып отырдық. Сонымен бірге, егінді зиянды жәндіктерден де қорғау шараларын ұқыптылықпен жүргіздік. Күтімі жақсы болғандықтан егін біркелкі тегіс көктем, жақсы шықты. № 2 деп аталатын учасоктегі 55 гектар бидай егінінің әр гектарынан 19 центнер 50 килограмнан өнім алдық. Басқа учасоктердің гектарынан 10—11 центнерден өнім алынды.

Егін өнімінің жақсы болуы нәтижесінде колхоз мемлекетке астық тапсыру, МТС жұмыстарына ақы төлеу жоспарларын мерзімінен бұрын толық орындап шықты. Алдағы жылдың егісіне қажетті тұқымды артығымен кұйды. Колхозшылардың еңбеккүшіне 6 килограмнан астық берілді, тағы да 2 килограмнан беріледі. Бұл күндері колхозшылар өздерінің артық астық-

тарын мемлекеттік сауда орындарына сатып, радиоқабылдағыш, велосипед, гарди-роб, камот, кілем сыяқты қажеттерін алу-да.

Алдағы жылы біздің бригадаға 1700 гектар жерге егіс ету міндеті жүктеліп отыр. Бұған керекті тұқымды толық кұйып алғанбыз. Көзір сол тұқымды тазарту жұмысымен шұғылданып отырмыз. Бұл жұмысқа 7 адам бөлінді. Олардың ішінен К. Төлепова, Б. Мұқашева, Н. Қырғызбаева, Ж. Ахметова жолдастар күнделік нормаларын үнемі асыра орындап келеді. Тұқым жақсы жабықталған қоймаларда сақталады.

Ауылшаруашылық саймандарын жөндеуде де бірқатар жұмыс істелді. 40 тырма, 6 арба, 10 пар көлікке керекті жегу әбзелдері жөндеуден өткізілді. Олардың жөндеу сапасы жақсы. Бір кемшілік сол — біздің колхозда ұста жеткіліксіз. Сол себептен бірнеше тырма, арба әлі жөндемей тұр. Колхоз басқармасы бригада-ларды шебер ұсталармен қамтамасыз етсе екен.

Рас, бұл уақытқа дейін оwoщ егісін егумен шұғылданбай келдік. Алдағы жылы оwoщ егісінің көлемін едәуір ұлғайтамыз. Сондықтан көзір оwoщ тұқымдарын дайындап жатырмыз. Егіс алаңдарына қар тоқтату үшін көп қалқан ағаштар жасалды. Көп, күл, күс саңырағы сыяқты жер тыңайтқыштар жыйналууда.

Бригада мүшелерінің мақсаты — егіннің көлемін ұлғайтумен бірге одан тұрақты және мол өнім алу жөнінде СОКП Орталық Комитеті сентабрь Пленумының қаулысында алға қойылған міндеттерді мінсіз жүзеге асыру. Міне, сол үшін біздің бригаданың мүшелері алдағы уақытта да аялбай еңбек ете береді.

Қ. КӘРІМОВ,

Совет ауданы, Аманкелді атындағы колхоздың № 1 егіс бригадасының бригадирі.

ҚЫЗЫЛӘСКЕР СОВХОЗЫНДА

Кострома облысындағы «12 Октябрь» колхозын ауылшаруашылық өндірісін жақсы білетін Прасковья Андреевна Малинина басқарып отыр. Ол басқарған колхоз егістік, шабындық және жайылымдық жердің әр гектарынан 2113 сом табыс — онымен көршілес 1 Май атындағы колхоздан 13 есе дерлік артық табыс алады. Малинина жолдас мал азығы үшін картоп өндіру ісін ұйымдастырып, картопты сауын сыйырдың азығына көп мөлшерде беру әдісін енгізді. Мұнда бір жылдың ішінде әрбір сыйырға 4—5 тонна картоп беріледі. Осының нәтижесінде әр сыйырдан сауылған сүт 5 мың килограмнан асып түседі.

Мұндай ондаған және жүздеген есімдерді атауға болады. Москва облысындағы Федор Степанович Генералов пен Петр Иванович Ажирков, Украинадағы Федор Иванович Дубковецкий, Макар Анисимович Посмитный, Константин Евстафьевич Цыбенко, Горький облысындағы Иван Абрамович Емельянов, Чуваш АССР-індегі Сергей Косонофтович Боротков, Киров облысындағы Петр Алексеевич Прозоров, Белорусиядағы Кирилл Прокофьевич Орловский, Өзбекстандағы Абдолла Артықов, Қазақстандағы Алабергенов жолдас және басқа көптеген колхоз председателдері колхоздарға іскерлікпен басшылық етуімен мәлім болды.

Озат колхоздардың табыстарының сыры неде? Мұның сыры бәрінен бұрын мынада: бұл колхоздарда кадрлар дұрыс іріктеліп алынып, жұмысқа дұрыс орналастырылған. Колхоз председателдері өз ісін жақсы біледі, шаруашылықты іскерлікпен жүргізеді, өздерінің бүгінгі жұмысында колхозшыларға, колхоз активіне сүйенеді. Бұл колхоздардың тұрмысында, колхозшыларды тәрбиелеу ісінде партия ұйымдарының ролі өте айқын көрінеді. Жақсы председателдің іскерлігі мынада: ол әрбір колхозшыны, оның қабілеті мен мүмкіндігін біледі, әрбір адамның инициативасын, тапқырлығын, тапсырылған жұмысқа сүйіспеншілігін қолдап, дамытып отырады, кейбір артта қалған колхозшылардың пайдакүнемдік пийғылдарын бапты тыйып отырады.

Колхоз председателдерінің ролі, әсіресе, кәзіргі уақытта, партия халықты СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларын орындауға жұмылдырып отырған кезде, партия таяудағы екі-үш жылдың ішінде ауылшаруашылық өнімдерінің толық молшылығын жасау үшін күрес жүргізіп отырған кезде ерекше артта түседі. Колхоздарда, әсіресе, артта қалған колхоздарда өндіріс дәрежесін мықтап арттыруға, егінің шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігін артты-

В. П. Чкаловты еске түсіру

15 декабрьде біздің заманымыздың ұлы ұшқышы В. П. Чкаловтың қаза болғанына 15 жыл толды. Астананың клубтарында және Москва гарнизонының офицерлер Үйінде кештер өткізіліп, бұл күнге арналған лекциялар мен баяндамалар оқылды.

13 декабрьде аяу шабуылынан қорғандық және авиацияның М. В. Фрунзе атындағы Орталық үйінде В. П. Чкаловты еске түсіру кеші болып өтті. «В. П.

Солай бола тұрса да, облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті қажетті резерв жасау жұмысымен мүлде дерлік шұғылданбайды, председатель қызметіне ұсынуға болатын практиктер мей замандарды зерттеп білмейді. Облыстың 60 ауданында колхоздардағы басшы жұмысқа жоғарылату үшін 48 адам ғана ірік тәліп алынған. Соның өзінде партия ұйымдары адамдарды іріктеп алуға формальдық түрде қарайды. Жданов аудандық партия комитеті колхоз председателінің қызметіне қалалық бақтың директоры Молчанов жолдасы ұсынған. Ол артистермен бірге колхоздарға неше рет барып келген болса, ауыл шаруашылығын сондай дәрежеде ғана «біледі».

Бірақ колхоздағы басшы жұмысқа адамды іріктеп алып, ұсыну ғана жеткіліксіз. Партия ұйымдарының борышы — колхоз председателдерін барлық жағынан қолдап, олардың шаруашылық жайымен танысуына, оның жеке салаларын өркендету жолдарын белгілеуіне көмектесіп, олардың жұмысын үнемі және іскерлікпен бағыттап отыру. Озат колхоз председателдерінің тәжірибесін тарату көмек көрсетудің маңызды құралы болып табылады. Таңдаулы председателдермен кездесу, озат колхоздарға бару, олардың шаруашылықты жүргізу тәжірибесімен танысу — колхоздардың басшы кадрлармен күнбе-күн жұмыс істегенде осының бәрін кеңінен пайдалану қажет.

Кәзір партия ұйымдары МТС-терді инженер, агроном және зоотехник маман кадрлар мен нығайтудың елеулі міндетін шешуде. МТС — колхоз өндірісін өркендетудегі шешуші күш. МТС жұмысын жақсы жолға қоймайынша, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуді қамтамасыз етуге болмайтынын есте ұстап, МТС-тер үшін кадрлар іріктеп алу жұмысын еселеген қажырлы жігермен жүргізу керек. Бірақ сонымен бірге колхоз председателдерін іріктеп алуға нағыз партиялық қамқорлық жасау қажет. Бұл — өткініш науқан емес. Колхоздарды кадрлармен нығайтуға қамқорлық жасау партия ұйымдарының колхоздарға басшылық ету жөніндегі бүкіл жұмысының негізі болуға тиіс.

Бүгін таңда колхоздардың алдында жауапты міндеттер тұр. Малдың ойдағыдай қыстап шығуын қамтамасыз ету, көктемгі егіске арнап тұқым күйу, қысқы агротехникалық шаралардың жоспарын орындау қажет. Осы практикалық зор жұмысты колхоздардың председателдері, колхоздардың партия ұйымдары басқаруға міндетті.

«Правданың» 13 декабрьдегі басмақаласы).

Чкаловтың өмірі мен қызметі туралы Совет Одағының Батыры М. Т. Слупнев баяндама жасады.

Совет Одағының Батырлары Г. Ф. Байдуков және А. В. Вельков, В. П. Чкалов туралы есте қалғандарын айтты.

Кешке қатынасқандар үшін концерт берілді.

Станцияға тоқтаған поездға техникалық байқау жасағанда ақау табылған вагондарды ағытпастан жөндеудің қанша пайдасы бар екенін теміржолшылар жақсы біледі. Міне, сондықтан да тиелген поезддың жүрісін жылдамдатып, тасымалдың өзіндік құнын кеміту жолындағы күреске ұштаса отырып, Петропавл вагон депо-сының аға вагон бақылаушысы Тихон Трофимович Трегубенко жолдас басқарған вагон байқаушылар сменасының коллективі составта табылған күрделі ақаулардың өзін вагондарды ағытпастан қолма-қол және тез жөндеп отырады.

Егер норма бойынша составты байқауға 35—40 минут уақыт берілсе, Трегубенко жолдасының сменасы бұл уақытты 28 минутқа дейін қысқартты. Смена мүшелері бұл табысқа краснолимандық жанаңшыл вагоншы Сталиндік сыйлықтың лауреаты Шебликиннің вагондарды техникалық байқаудан өткізу жөніндегі озат әдісін өндірісте кеңінен қолдану нәтижесінде ие болды.

— Сіздер составты байқауды қалай ұйымдастырасыздар, — деген сұраққа аға вагон бақылаушы:

— Смена басталмастан бұрын әрбір адамға атқаратын жұмысын белгілеп бе-

Жылдық жұмыстың қорытындысына арналған жыйналыс аяқталып келеді. Бұл жыйналыста товарлы сүт фермасы коллективінің жетістіктері мен кемшіліктері түгел айтылып, ортаға салынды. Әсіресе, сауыншы Пелагея Григорьевна Юдакованың еңбектегі зор табысы жөнінде көп сөз болды. Ол қарауындағы 12 сауын сыйырдың әрқайсысынан орта есеппен жылына 2188 литр сүт алған. Сөйтіп, жылдық жоспарды 132 процент орындаған. Оның қарауындағы бұзаулар да өте күйлі. Өз ісін беріле сүйіп, еркін меңгерген Пелагея күні бүгін де қарқын үстіне қарқын қоса түсуде.

Осы жағдайлардың бәрін баяндап айтқан колхоз бастаушы партия ұйымының секретары, әрі колхоз председателінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Ражымұрат Елеукин әрбір сыйырдың сүт алудың жылдық жоспарын тек Пелагеяның ғана орындағанын және оның жолдасарының сыйырдың сүтті аз алып отырғанын да сынап айтып өтті. Бұған бір жағынан Юдакова да кінәлі екендігін, ол өзінің озат әдісін басқаларға тарату жөнінде ойдағыдай жұмыс істемей отырғандығын да ескертті.

— Егер басқа сауыншылар жұмысты нашар істейтін болса да, мен жауап бермеқпін бе, — деп ойлады Пелагея, партия ұйымы секретарының сөзіне іштей ренжіген пішіммен, — мен өзіме жүктелген тапсырмаларды асыра орындадым ғой.

Жыйналыстан оралған Пелагея үйге келгеннен кейін ер уақыт ойланумен отырды. Өз жұмысына есеп бере, секретарь сөзін ой елегіне салып отырған сайын, оған шынығында да өзінің жолдас-тарының жұмыс жоспарын орындай алмауына өзінің де кінәлі екендігіне көзі жеткендей болды.

— Мәселен, — деді ол, — Мария Кошкинаның негізгі сыйырдан сүтті аз алып жүргені маған мәлім. Өйткені ол сыйырдың бабын таба білмейді. Саууға келгенде дәусыз көтеріп, сыйырды шо-

қалғанда, сыйырдың желінін сылағанда оқыр қатты қысып, үршіп ауыртады. Сондықтан көңіл күйі келмеген сыйыр жемейді, сүтті аз береді. Ал, Мария Вурм сыйырларды дұрыс азықтандырмайды, әрбір сыйырды азықтандыру мөлшерін және оның сүт өнімділігін еске алмайды. Ал, мен осылардың бәрін біле тұра ештеңе демеймін етім... Расында да секретарь сөзінің жаны бар екен-ау, ә.

Бұдан кейінгі күндерде Пелагеяның мінезіндегі өзгешелік бірден-ақ көзге түсе бастады. Өйткені, ол бұрын жұмысқа келгенде тек өзіне бекітілген сыйырларды сауып, оларды азықтандыратын да, басқалардың жұмысына ешқандай назар аудармайтын. Ал, кәзір оның дәусын өте жиі естуге болатын болды.

— Александра, сыйырды саууға отырмас бұрын ең алдымен сыйырды өз бойында үйретіп ал, әуелі желінін жақсылап сыйып, қатты қысып.

— Екатерина, бүгін сен сауатын «Зойка» берілген азықты сүйсіне жемеді. Түнгі сқатар орны да сыз болыпты. Сүтті көп сауғын келсе, осыларды жоюды өсіңе аларсың.

— Кье күндері сауын сыйырға құнарлы азықты жасағанда кем беруге болмайды, Федор Семенович. Сондықтан сыйырлардың күнделік азық мөлшерін кемітуіңіз дұрыс болмас, — деді Пелагея ферма меңгерушісі Маловка күлімсірей қарап.

Оның бұл кездегі жүріс-тұрысынан да, мінез-құлқынан да ісіне пын берілгендіктің, өз сөздерінің дұрыстығына шын сенгендіктің ізі айқын аңғарылатын еді.

Өткен жылдың сүт сауу жоспарын «Красное знамя» колхозының сауыншылары артығымен орындады. Жоспардан тыс 105 центнер сүт сауылды. Колхоз мемлекетке жоспардан тыс тапсырылған сүт

приемін ауданы, қызылдер аса ірі қымды қой совхозының механизаторлары Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді іс жүзіне асыруға жұмысқа кірісіп, көктемгі егіске әзірлікті қызу қарқынмен жүргізуде. Мұнда ауыл шаруашылығын өркендетудегі шешуші күш-тракторларды жөндеу жұмысы ойдағыдай ұйымдастырылған. Механизаторлар өнімді еңбек етіп, қазірдің өзінде 8 тракторды сапалы жөндеуден өткізді. Бұл жұмыста, әсіресе, Н. Сотниченко, А. Скобелов, А. Никитин жолдасстар алда келеді. Олар өзара социалистік жарысты кеңінен

Еңбек өрлеуі

Бұл күндері Ленин ауданы Пыльч атындағы МТС-тің механизаторлары тракторларды және ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеп, келесі жылдың көктемгі егісіне әзірлеуде қажырлы еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Олар өндіріске тораптық әдістерді кеңінен қолдана отырып, жақсы нәтижелерге жетісуде. Мәселен, коммунист Шульга, Светличный жолдасстар нақтылы ісімен басқаларға үлгі болуда. Бұл екеуі сменалық тапсырмаларын, жөндеу жұмысы басталғаннан бері үнемі 150—165 проценттен орындайды.

Осы сияқты озат механизаторлардың қарқынды еңбек етулерінің арқасында МТС-те кәзіргі уақытта 10 трактор, 30 сеялка, 9 лущильник сапалы жөнделді. МТС механизаторлары еңбек өнімділігін бұдан да арттыра отырып, тракторлар мен ауылшаруашылық құрал-саймандарды жөндеу жөніндегі тоқсандық тапсырмаларды мерзімінен бұрын орындау жолында белсене жүрсуде.

К. ӘДІЛШИН.

Б. МҰСТАФИН.
Е. САҚТАҒАНОВ.

ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ

есебіне 2 «ГАЗ—51» жүк машинасын алды.

Товарлы сүт фермасындағы 21 сауыншының барлығы да жылдық жоспарды орындап шықты. Олардың көпшілігі қосымша еңбекақыға бір-бір ірі қара малдың алды, барлығы 35 адамға сыйлық берілді.

— Сыйырдың сүтті мол алу — сауыншының қолында, — деп бастады өзінің әңгімесін Пелагея Юдакова. — Менің бірнеше жылғы жұмыс тәжірибем осыны дәлелдейді.

Ең алдымен сауын сыйырлардың қондылығына, олардың бағыту жағдайларына көңіл аудару қажет. Сыйырлардың қондылығын арттырып, олардың бағыту жағдайларын жақсартпайынша сыйырдың сүтті көп алу тұралы сөз болуы да мүмкін емес. Кейбір сауыншылар біздің міндетіміз — сауу, ал, оны бағу бақтанының міндеті деп ойлайды. Бұл өте қате пікір. Сондықтан да біз сыйырды бағушылармен тығыз байланыс жасаймыз. Әсіресе, жаз күндері жайылымдардың дұрыс пайдалануын қатаң бақылап отырамыз. Ал, сыйыр қолда күтілсе құнарлы азықты жаз күндердегіден кем бермеуге тырысатымыз.

Сол сияқты, сыйырды сауу жұмысын дайындықпен жүргізу қажет. Мен үнемі саууға кіріспес бұрын қолымды сабындап жуаумен, одан соң сыйыр желінін жылы сумен жуып, оны өлден құрғатамын. Сауу жұмысын ақырындап бастап, бірте-бірте жылдамдатамын. Мүмкіншілігі болғанша сауу жылдамдығын бұзауының емшекті сору жылдамдығындай ету керек. Осылай еткен жағдайда сыйыр ешқандай жағымсыз сезімге келмейді, желіндегі сүтті түгел беріп, емірлене неді. Сауар алдына және сауып болғаннан кейін сыйырдың емшегіне массаж жаса-

ған жөн. Бұл жағдай желіңді түрлі аурулардан сақтандырады, сүттің майлығын арттырады. Әсіресе, желіндегі сүттің түгел сауылуына ерекше назар аударған жөн.

Сыйырды сүттету жұмыстарын жүргізбейінше одан сүтті мол алуға болмайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Ол үшін сауын сыйырларды азықтандыруға ерекше назар аудару керек. Ең алдымен оларды азықтандыруға дайындаймын. Бірақ, ешқандай сыйырларды өте жиі азықтандыруға болмайды. Өйткені, сыйыр күйіс қайыратын мал. Оның уақытының көбі жеген азығын бойына сіңіру үшін күйіс қайыруға кетеді де, азықтандыру аралығындағы тынығу уақыттары өте аз болады.

Сонымен қатар, мал шаруашылығындағы жұмыстардың барлығын бір уақытта жүргізу сыйырды сүттету үшін едәуір әсерін тигізеді. Өйткені, сауу, азықтандыру, тынықтыру уақыттарын тәулік сайын өзгертіп отыру сауын сыйырларды тынышсыздандырады. Бұл жағдай сыйырдан күн тәулігіне сауылатын сүттің бір-кемші болмауына соқтырады.

«Красное знамя» колхозының сауыншылары үстіміздегі жылдың 8 айы ішінде сүт алудың жылдық жоспарын толық орындады. Ал, Пелагея Юдакова бұл уақыт ішінде 1700 литр сүт сауды. Озат сауыншы өзінің бұл табысқа жету жолындағы еңбек әдісін айтқанда:

— Менің мұндай табысқа жетуім, ең алдымен, үкімет пен партияның сауыншыларға жасап отырған қамқорлығының нәтижесі. Зор қамқорлық мені еңбекке жігерлендіреді. Ал, еңбекке жігерленушілік — менің сыйырдың сүтті мол сауымның қайнар көзі, — дейді зор мақтаныш сезіммен.

Т. ҚӘКІМОВ,

Преснов ауданы, «Красное знамя» колхозы.

КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

Комсомол ұйымдарын нығайта берейік

Қалалық XV комсомол конференциясы

Қаланың бірқатар кәсіпорындарының комсомолдары мен жастары бесінші бес-жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жөнінде социалистік жарысқа ұштырып, жылдық тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауға жетісті. Соның нәтижесінде былғары заводы, нан комбинаты, вагон участогі және «1-Май» кәсіпшілік артези сыяқты кәсіпорындары 11 айдың ішінде жылдық жоспарын орындап шықты. Бұл кәсіпорындарындағы жұмысшылардың көпшілігі комсомолдар мен жастар.

Дело паровоз колоннасының комсомол-жастар бригадасы быйылғы жылы 1955 жылдың жоспарын орындау жолындағы социалистік жарыстың инициаторы болды. Бұл күндері аға машинист Лесков жолдас бастаған комсомол-жастар бригадасының коллективі өздерінің алған міндеттемелерін ойдағыдай орындауда.

Дегенмен, қаланың көп кәсіпорындарының жұмысы өскелең міндеттер дәрежесінде болмай отыр. Әдетте, мұндай кәсіпорындарының комсомол ұйымдары жеке комсомолдар мен жастардың өндірістік ынта-жігерін арттыру ісімен аз шұғылданады. Жұмыс үстінде оларға нақтылы көмек бермейді. Мұның ақыры Киров атындағы завод, аяқ киім фабрикасы және басқа кәсіпорындарының өндірістік тапсырманы мерзімінде орындауына, өнімнің сапасын төмендетіп алуына әкеп соқты.

ҚКЖО қалалық комитеті кәсіпорындарда жұмыс істеп жүрген маман кадрларды ауыл-селоға жіберу жұмысын айтарлықтай ұйымдастырмады. Сентябрь пленумының қаулысы жарияланғалы едәуір уақыт өтті. Содан бері қалалық комитет колхоздар мен МТС-терге небары 75 ғана маман жіберді.

Жақында болып өткен қалалық комсомол активі комсомолдардың күшімен колхоздарға шымтезек-шірінді құмыралар жасайтын станоктар, парник рамаларын және басқа ауылшаруашылық саймандарын жіберуге ұйғарған еді. Бірақ та, күні осы уақытқа дейін бұлардың бірде-бірі жіберілген жоқ. Сол сыяқты, комсомол ұйымдарының өз қажырлығына алған колхоздар мен МТС-терге көмек де нашар.

Ресторан және асхана тресті комсомол ұйымы асханалардың жұмысымен аз шұғылданады. Ресторан мен асханаларда тағамдардың түрлері аз, әрі сапасыз әзірленеді. Қаланың сауда орындары да еңбекшілердің өскелең тілегіне сай жұмыс істей алмай отыр.

Комсомолдар арасындағы саяси жұмыс өндірістік міндеттермен ұштастырыла

жүргізілмейді. Ал, ұйымдастыру жұмысы мүлде қанағаттанғысыз. Бірқатар комсомол ұйымдарында комсомол жыйналыстары уақытында өтпейді, өтсе актуалды мәселелер талқыланбайды. Комсомол оқуы жүйесіндегі үйірмелердің жұмысы айтарлықтай емес. Кейбір насихатшылар сабаққа ескі конспектімен, әзірліксіз келеді.

Конференцияда баяндама жасаған қалалық комсомол комитетінің секретары Шәкіров жолдас бұл кемшіліктердің барлығына тоқтады. Бірақ, ол, осы кемшіліктердің орын алуы себептерін ашпады, сондай-ақ оларды жою жөнінде ешқандай нақтылы пікір айтпады. Тек конференцияның делегаттары ғана комсомол ұйымы жұмысын жақсартуға бағытталған едәуір бағалы ұсыныстар енгізді.

№ 2 темір жол училищесі комсомол комитетінің секретары Шанин жолдас қалалық комитет қызметкерлерінің бастауын комсомол ұйымы секретарларына жұмыс үстінде көмектеспейтінін, оларда әлі де болса кеңесшілік әдеттің бар екенін сынады. Біздің училищесіде, деді ол, комсомол жыйналысы уақытылы өтіп тұрмайды. Ал, өткізілген жыйналыстарда оқушылардың сабақты үлгеруі, училищесіндегі үйірмелердің жұмысы сыяқты мәселелер күн тәртібіне сирек қойылады. Міне, соның салдарынан көптеген комсомолдар сабақты төмен үлгереді.

Станция комсомол комитетінің секретары Кривоногов, — деді станция цех комсомол ұйымының секретары Приходков жолдас, — комсомол комитетінің жұмысын бетімен жіберді. Бұған қалалық комсомол комитеті тікелей кінәлі. Өйткені, ол комсомол комитетінің жұмысына көмектесіп, оның кемшіліктерін түзеу жөнінде ешқандай нақтылы шаралар белгілеген жоқ. Бізде комсомол-жастар сменасы құрылған еді. Ол алғашқы кезде сменалық тапсырманы үнемі асыра орындап жүрді. Ал, қазір комсомол комитеті тарапынан басшылықтың нашарлығынан комсомол-жастар сменасы сменалық тапсырмаларын орындай алмай келеді.

Колхоздың басшы кадрларын даярлатып мектеп комсомол ұйымының секретары Рақымбаева жолдасының сөзін конференция делегаттары зейін қоя тындады. Қалалық комитет, деді ол, айтылған сынды мойындайды, бірақ, іс жүзінде олар ешқандай қорытынды шығармайды. Комсомол-жастар арасындағы саяси және мәдени-көпшілік жұмыстары да қазіргі қойылып отырған талаптарға сай ұйымдастырылмай отыр. Қалалық комсомол комитетінің сол сыяқты, облыстық комсомол комитетінің насихат және үгіт бөлімінің

жасаған лекцияларының кейбіреулері идеялық мазмұны жағынан ұстамсыз, төмен дәрежеде болады. Жергілікті жағдайлармен байланыстырылмайды.

— Бізде арнаулы мектеп үйі жоқ, осы себепті қызметтен кейін облыстық сауда бөлімінің үйінде оқын жүрміз, — деді сауда-кулинар мектебі комсомол ұйымының секретары Шевелев жолдас. — Соның салдарынан мектепте оқын жүрген оқушылардың біразы сабақты тастап кетуге мәжбүр болды. Мектепте кітапхана да, көрнекті құралдар да жоқ. Мұның өзі оқушылардың сауда-кулинар мектебін бітіріп, арнаулы бір мамандық алуына көп кедергі жасауда. Қалалық комитет бұл жағдайға бұдан әрі төзбей, сауда-кулинар мектебіне көмектесуге тиіс.

Қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Дегтяренко жолдас мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының жайына тоқталды. Қала мектептерінде, әсіресе, Киров атындағы онжылдық мектепте, деді ол, комсомолдардың дені сабақты үлгермейді. Бұл тек мектеп басшыларының кінәсі ғана емес, сонымен бірге қалалық комсомол комитетінің мектеп комсомол ұйымына жеткіліксіз басшылық жасайтынын көрсетеді.

Делегаттар Бемайлов, Кириялов және Боньков жолдас қалалық комитеттің секретарлары Шәкіров, Щенина жолдас-тардың бастауын комсомол ұйымының жұмысына нақтылы басшылық жасап отырмайтынын сынады. Қалалық комитеттің қызметкерлері бастауын комсомол ұйымдарында сирек болады. Осы себепті жергілікті жердегі жағдайды толық білмей, үстірт басшылық жасайды. Бұдан кейін олар қалалық комитеттің бастауын комсомол ұйымының секретарларымен, шаттан тыс нұсқаушылармен басқару, ұйымдастыру жұмыстары жөнінде жиі семинар-кеңестерін өткізудің қажеттігін айтты. Сонымен бірге делегаттар қалалық комитеттің жастар кеңіні жиі ұйымдастырып отырмайтынын, олардың мәдениетті дем алуына жете көңіл бөлмейтінін қатты сынға алды.

Конференцияға ККН қалалық комитеттің секретары Понов жолдас қатысты. Ол конференцияда сөз сөйлеп, комсомол ұйымдары жұмысын жақсарту жөнінде азда тұрған негізгі міндеттерге тоқталды. Жарыссөзде барлығы 27 адам сөйледі.

Конференция қалалық комсомол комитетінің жаңа құрамын сайлады. ҚКЖО қалалық комитетінің бірінші пленумында қалалық комсомол комитетінің секретарлары болып Шәкіров, Щенина жолдас-тар сайланды.

Село жастарының инициативасы

Соколов ауданының бастауын комсомол ұйымдары партия ұйымдарының басшы-

«Путь коммунизма» колхозының комсомол ұйымы мал қыстауларына шөп та-

Залмановтың көмегімен

Өткен оқу жылында Октябрь аудандық партия комитеті оқушыларға тынақты білім бере алмағандықтары, өздерінің білімдерін көтермегендіктері және ескіліктің зиянды әдет-ғұрпын уағыздап, педагогикалық әдістерді бұрмалағаны үшін, Жалтыр бастауын мектебінің мұғалімдері Бекенова және Бекмағанбетовтерді қызметтерінен босатуға ұйғарған болатын. Бұл — Бекмағанбетовтің мұғалімдік қатарынан төртінші рет шығарылуы еді.

Амал не, облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары Залманов жолдас быйылғы оқу жылында Бекмағанбетовті қайтадан мұғалімдік қызметке орналастыруға аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Литвинов жолдасқа тікелей нұсқау берген. Бұл — Залманов жолдастың Бекмағанбетовты төртінші рет мұғалімдікке қайтадан орналастыруы.

Мұғалімдік атаққа кір келтірген, төнас Бекмағанбетовты Залманов жолдас қашаңға дейін сүйей бермек?

М. ЖАҢБАЕВ.

ДОСААФ-тың облыстық конференциясы

Армияға, авиацияға және флотқа көмектесетін ерікті қоғамның облыстық конференциясы болып өтті. Конференция делегаттары қоғамның облыстық комитетінің председатели Солодков жолдастың баяндамасын талқылады.

Баяндамашы және жарыссөзде шығып сөйлеуші делегаттар радист, шофер, тракторшылар даярлауда қоғамның едәуір жұмыстар жүргізгендігін атап көрсетті. Мамандар даярлаудың жылдық тапсырмасы біржарым еседен астам орындалды.

Сол сыяқты, делегаттар қоғамның облыстық комитетінің аудандық комитеттерге нашар басшылық жүргізіп отырғандығын орынды сынады. ДОСААФ-тың көптеген бастауын ұйымдарында спорт оқу жұмыстары жүргізілмейді, мүшелік жарналары деркезінде төленбейді. Қоғамға жаңадан мүше тарту да нашар жүргізілуде.

Конференция ДОСААФ-тың бастауын ұйымдарының жұмыстарын жақсартуға бағытталған қаулы қабылдады, қоғамның облыстық комитеті құрамын және республикалық конференцияға делегаттар сайлады.

Агрономдардың аудандық кеңесі

Жуырда Совет ауданының орталығында агрономдардың аудандық кеңесі болып өтті. Кеңеске МТС-тер мен совхоздардың агрономдары, колхоз, совхоздардағы овощ өсіруші звенолардың бастықтары қатысты.

Кеңеске қатысушылар «Келесі жылы овощ және картоп өсірудің міндеттері

Американ дәрігерлерінің соғыс тұтқындарына айуандықпен қарауы

ПЕКИН, 13 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда Қытайдың Қызыл Крест қоғамы баяндама жариялаған, бұл баяндамада американ армиясының әскери қызметшілері мен дәрігерлерінің соғыс тұтқындарын емдеген кезде медицинаның негізгі мақсаттары мен адамгершілік принциптерін мүлде елемегендігін дәлелдейтін документті мәліметтер келтірілген.

Баяндамада, атап айтқанда, американ армиясының әскери хирургтері соғыс тұтқындарын емдеген кезде олардың аяғын не қолын кесіп тастаудың өте көп болғандығына назар аударылған. Мүгедек және жарымжан болған 840 солдаттан 135 адам дәрігерлердің кесіп тастауы салдарынан қолсыз және аяқсыз қалған, ал, дәрігерлерге мұндай шараны істемеге болатын еді; кейбір жағдайларда аяқ-қолды кесіп тастау тіпті қылмысты әрекет болған. Аяқ-қолдары үсіген аурулардың 70 процентінің аяқ-қолдары кесіп тасталған. Американ армиясының әскери хирургтері профилактикалық шаралар қолдану, ашық қалған сүйектерді қосып жетілдіру,

гипспен орап, шина салып қарау арқылы қатты сынықтарды және аса ауыр жараларды емдеуден, сонымен қатар, аурудың асқинуына және басқа ауыр зардаптарына қарсы шара қолданудан бастартып, хирургияның негізгі принциптерін көп жағдайда елемеген.

Еліне қайтқан тұтқындарды қарап шыққан мамандар еліне қайтқандардың арасында тыныс органдары көптен бері қабынған аурулардың ерекше көп екендігін анықтады; 567 адамның 90 процентке дейін осындай ауруға шалдыққан. Соғыс тұтқындарының шамамен төрттен үш бөлігі ашық түрдегі өкпе туберкулезімен ауырған.

Аурулардың тарихы американ лагерлерінде ауруларға нашар қарап, оларды қыйнағандығын, мұның өзі аурудың себебі болғанын мейлінше айқын дәлелдейді. Тұтқындар ауру болған кездің өзінде де американ өкмет орындары оларға айуандықпен қарап, атап айтқанда, улағыш газдар қолданған, бұл газдар барлық соғыс тұтқындарына қарсы пайдаланылған.

АДЕНАУЭРДІҢ БАТЫС МЕМЛЕКЕТТЕР СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІМЕН КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУІ

ПАРИЖ, 14 декабрь. (СОТА). Париж баспасөздері соңғы күндері Вонн канцлері Аденауэр және Франция, Англия, АҚШ Сыртқы істер министрлерінің арасында Парижде жүргізіліп жатқан келіссөздерге көп назар аударуда. (Англияның сыртқы істер министрі Иден және АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес Парижге Солтүстік-Атлантика Одағы Советінің бүгін ашылған сессиясына қатысу үшін келген болатын).

«Фигаро» газеті былай деп хабарлайды: Даллес өзінің Аденауэрмен әңгімесінде оны Вермул арадағы кеңестің нәтижесімен таныстырған, сол сыяқты.

АҚШ СУЭЦ КАНАЛЫ АЙМАҒЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЕГИПЕТКЕ ҚЫСЫМ ЖАСАУДА

КАИР, 14 декабрь. (СОТА). Египет баспасөздерінде АҚШ-тың Суэц каналы аймағы туралы мәселе жөнінде Англиямен таласта Египеттің өз талаптарынан қайтуына жетісіп, оған қысым жасап отырғандығы туралы хабарлар шыға бастады. Ағылшын-египет қайшылықтарына араласып отырған американдықтардың бұл қол сұғуы «қайырымды қызмет ұсыну» деген әдеттегі белгілі

ты, төрт мемлекет өкілдерінің кеңесі туралы мәселені де қозғаған.

Париж газеттерінің шолулары АҚШ-тың мемлекеттік секретары өзінің Парижге келуін Францияның «европалық армия» договорын ратификациялауын тездетуге жетісу үшін пайдалануда деп көрсетеді.

Шолушылардың мақалаларынан батыс министрлердің Париждегі баспасөз конференциясында сөз сөйлеп, өзінің көңілдік талабын көрсеткен, «европалық армияның» жақтасы Аденауэрмен жүргізіп отырған келіссөздерінен туған қауіп сезіледі.

ФРАНЦИЯДА ВЬЕТНАМДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН КҮРЕС АПТАСЫ ӨТКІЗІЛУДЕ

ПАРИЖ, 14 декабрь. (СОТА). Бүгін Францияда Вьетнамдағы бейбітшілік үшін күрес аптасы басталды.

«Юманите» газеті Жалпы еңбек конфедерациясының бас секретары Ален ле Леаптың Вьетнамдағы бейбітшілік үшін күрес аптасының программасы еңбекшілердің барлық топтарының жыйналыстарын шақыруды, Индо-Қытайда-

ғы соғысты тоқтатуды талап ету петициясына қол қойдыруды және басқаларын қамтыйды деп атап көрсеткен мәлімдемесін жариялады. Ален ле Леап француз үкіметін президент Хо Ши Миннің Франциямен уақытша бітім туралы келіссөз жүргізуге дайын екенін білдірген мәлімдемесіне тез арада жауап беруге шақырған.

Лекциялар оқылуда

Қаладағы ауыл шаруашылығы техникумы комсомол ұйымының жанында лекторлар тобы жұмыс істейді.

ғылыми тақырыптарда және халықаралық жағдай туралы лекциялар оқылып тұрады. Тек соңғы кездің өзінде ғана «СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы және ауыл шаруашылығы техникумының міндеттері», «Картопты шаршы- ұялы әдіспен егу», халықаралық жағдай және басқа тақырыптарда бірқатар лекциялар мен баяндамалар оқылды.

Б. МӘЖИТОВ.

ҰЙЫМ ҚАТАРЫ НЫҒАЮДА

Ленин орта мектебінде (Октябрь ауданы) өткен оқу жылында 176 комсомолец бар еді. Үстіміздегі оқу жылында комсомол қатары сабақты өте жақсы оқыпты, үлгілі оқушылар есебінен толықтырылды. Бәзір ұйымның есебінде тұратын комсомолецтердің саны 210 адамға жетті.

Е. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

ЖАҢА ЖУРНАЛ

„Қазақстанның ауыл шаруашылығы“ журналы

1953 жылғы 6 октябрьден бастап Алматы қаласында айына бір рет шығатын «Қазақстанның ауыл шаруашылығы» аты ғылыми-өндірістік журнал (Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің органы) қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал, оның 1-номерінде оқушыларға арналған хатында айтылғанындай, Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX съезінің қарарларын насихаттайды, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысының жүзеге қалай асырылып жатқаны туралы баяндайды. Ауыл шаруашылығындағы ғылым мен алдыңғы қатарлы тәжірибелердің табыстарын жазып отырады.

Журналда берік мал азығы базасын жасау, қоғамдық мал тұқымын жақсарту және оның өнімділігін, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын көтеру туралы мақалалар жарияланып, колхоздар мен совхоздарды электрлендіру, механикаландыру, экономика мәселелері, таңдаулы МТС-тер мен машина-малшаруашылық станциялардың табыстары баяндалады.

Журналдың октябрь айында шыққан 1-номерінде СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының 1953 жылғы 7 сентябрьде Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы жарияланған. Сонымен бірге, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыруға арналып, «Республиканың ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету берейін» деген тақырыппен басмақала берілген. Басмақалада Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркенде-

ту жолындағы күресте колхоз, совхоз өндірісіне алдыңғы қатарлылардың тәжірибесін енгізудің ролі зор екені атап көрсетілген.

«Біздің республикамыз — делінген басмақалада, — тары, күріш, қант қызылшасын өсіруде дүниежүзілік рекордтар жасап отыр. Қазақстанның ал-

ту жолындағы күресте колхоз, совхоз өндірісіне алдыңғы қатарлылардың тәжірибесін енгізудің ролі зор екені атап көрсетілген.

«Біздің республикамыз — делінген басмақалада, — тары, күріш, қант қызылшасын өсіруде дүниежүзілік рекордтар жасап отыр. Қазақстанның ал-



дың қатарлы колхоздары дөңді егістің өнімін бесжылдықтың аяғына жоспардаған өнімнен кәзірдің өзінде ақ анағұрлым арттырып жіберді. Мысалы гектарынан 30—35 центнер бидай алып жүр.

су жұмысын жақсарту үшін екі комсомол жастар бригадасын құрды. Бұл күндері бригадалардың мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді аброймен орындап жүр.

Ауданда ауылшаруашылық жұмыстарына белсені қатысып, қажырлы еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүрген комсомолецтер көптеп саналады. Комсомолец Аркадий Андреев жолда басқаратын №13 трактор бригадасы трактор жұмысының жылдық жоспарын асыра орындап, 1364 килограмм жағар, жанар майларын үнемдеді.

Аудан комсомолецтері қар тоқтататын 10 мың қалқандар жасап, біржарым миллион шымтезек-шірінді құмыралар жасауға міндеттенген еді. Бұл күндері олар осы міндеттемелерін аброймен орындау үшін күресуде.

М. ФОМИН.

Амал не, ауылшаруашылық дақылдары өнімдерін арттыруда ауыл шаруашылығы шеберлерінің орасан зор резерв болып табылатын тәжірибесі әлде болса да республика колхоздарында кең қолданылмай келеді. Дөңді дақылдарды тарқатарлы және тоғыспалы етіп егу, жүгеріні, күнбағысты және басқаларын шаршы-ұялап егу әдісі сыяқты алдыңғы қатарлы агротехникалық тәсілдер практика жүзінде өздерін толық ақтаса да, осы уақытқа дейін кең қолданылмай келеді».

Басмақалада ауылшаруашылық дақылдардың шығымдылығын арттыруда дұрыс шоптанаты егістерді қолдану зор роль атқаратындығы атап көрсетілген. Алайда, оларды меңгеру ісі қанағаттанғысыз жүргізілуде. Бұл іс жөнінде әсіресе, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола облыстарының колхоздары артта қалып келеді.

Қоғамдық мал шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде айта келіп, бас мақала мал шаруашылығын жүргізуді жақсартуға, қолда бар бағалы малдарды жақсартуға, малды қолдан ұрықтандыру ісін кеңінен қолдануға, ірі қара мал табынында сыйыр малын көбейтуге ерекше көңіл бөледі.

«Біздің республикамызда мал шаруашылығының артта қалуын жоюдың негізгі шарттарының бірі — берік жемшоп базасын жасау» деп атап көрсетеді мақала.

«Өндіріс озаттары» деген бөлімінде Алматы облысындағы «Луч Востока» колхозының председатели Дидковскийдің «Шаруашылықтың барлық салалары да жан-жақты өркендеуде» деген әңгімесі, Қазақ ССР Ғылым академиясының экономика институтының ғылым қызметкері Н. Леганцевтің «Талас карақолі совхозында қой шағылыстыруды өткізу тәжірибесі» деген мақаласы жарияланған.

«Луч Востока» колхозы — көп салалы, мол табысты шаруашылық, ол республикадағы алдыңғы қатарлы колхоздардың бірі. Колхозда, әсіресе, овощ шаруашылығы ең үлкен орын алады.

тралы және бұл дақылдарды егудің шаршы-ұялы әдісі жөнінде» аудандық Совет атқомі председателинің орынбасары Ө. Шалғынбаев жолдастың баяндамасын тыңдады. Баяндаманы талқылауға агрономдар белсене қатысты.

Ұтыстар төлеу

1953 жылғы 15 ноябрьде өткізілген ССРО халық шаруашылығын өркендету заңының (1951 жылғы) төртінші тарапы бойынша еңбекшілерге 1.183 мың сомның ұтысы төленді. Олардың ішінде көптеген ірі ұтыстар бар.

Үстіміздегі жылдың 11 айы ішінде облысымыздың еңбек жыйнақ қассалары мемлекеттік заемдардың ұтыс және төлеу тираждары бойынша еңбекшілерге 10.867 мың сомның ұтысын төледі.

Өткен жылы мұнда әрбір гектардан 150 центнерден артығырақ картоп, 165 центнерден қыяр, 105 центнерден капуста алынды. Колхоз овощ шаруашылығынан 1.600 мың сом ал, быйыл овощ сатудан 2 миллион сомдай кіріс тапты.

Колхозда қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігі де арта түсуде. Өткен жылы әрбір сауын сыйырдан алынған сүт мөлшері 1760 литр болды. Үстіміздегі жылдың 8 айы ішінде әрбір сауын сыйырдан 1350 литрге жуық сүт алынды. Әрбір қойдан орта есеппен 3,5 килограмнан жүн қырқылды. Құс фермасында әрбір мейненнен 100 данаға жуық жұмыртқа алынды.

Өткен жылы колхоздың барлық ақшалай кірісі 7282 мың сом болды, ал, быйылғы жылы смета бойынша 9 миллион 100 мың сом мөлшерінде кіріс алу қарастырылып отыр.

Журналдың осы номерінде «Су шаруашылығы және мелиорация» деген бөлім бар. Онда «Жер суару системаларындағы жұмыстар жөнінде» К. Мұхамеджанов, М. Зозуля жолдастардың мақалалары берілген.

Республикамызда ауыл шаруашылығы журналының шығарылуы Коммунистік партия мен Совет Үкметінің Қазақстанда мал шаруашылығын өркендетуге тынбай қамқорлық жасап отырғанын айқын сыһпаттайды.

Жалпы тиражы 30 мың дана болып екі тілде — орыс және қазақ тілдерінде шығарылатын «Қазақстанның ауыл шаруашылығы» журналы колхоз, совхоз, МТС және машина-малшаруашылық станциялары басшыларының, ауылшаруашылық оқу орындары мұғалімдерінің, колхоз, совхоз активтерінің, МТС және машина-малшаруашылық станцияларының механикаторлары арасында кеңінен таратылатын болуы керек. Ал, журналдың оқушылары оның алдына СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде алға қойған міндеттер дәрежесінде болуды талап етулері қажет.

В. ВАНЮШИН.

ХО ШИ МИННІҢ ВЬЕТНАМ ПРОБЛЕМАСЫН БЕЙБІТШІЛІКПЕН ШЕШУ ТУРАЛЫ ЖАСАҒАН МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 14 декабрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Сайгоннан берген хабарына қарағанда, бүгін қарулы қарсылық көрсетудің жеті жылдығына байланысты Вьетнам халқына арнап сөз сөйлеп, Хо Ши Мин былай деп мәлімдеген: «егер француз үкметі келіссөздер арқылы уақытша бітімге жетуді тілейтін болса, егер ол Вьетнам пробле-

масын бейбіт жолмен шешуді қалайтын болса, Вьетнам Демократиялық Республикасының халқы мен үкметі бұл мәселені талқылауға әзір».

Француз отаршыларының жүргізіп отырған агрессиялық соғысына қарамастан, деген Хо Ши Мин, Вьетнам халқы «қашан жеңіске жеткенге дейін қарсылық көрсетуге» берік бел байлаған.

БРИТАН ГВИНАСЫНДАҒЫ ОҚЫЙҒАЛАР ЖАЙЫНДА

ДЕЛИ, 14 декабрь. (СОТА). «Хиндустан таймс» газетінің хабарына қарағанда, Британ Гвианасының бұрынғы премьер-министрі Чедди Джаган Мадрастері митингте сөз сөйлеп, Британ Гвианасының мәселесін Біріккен Ұлттар Ұйымының талқылауына қою жөнінде өзінің Индияға, Индонезияға, Пакистанға, Бирмаға, Цейлонға және Египетке ұсыныс жасағандығын мәлімдеген. Бұл мәселені БҰҰ-ның күн тәртібіне енгізу, деген Джаган, Британ отарлық өкметінің Гвианадағы әрекеттерін әшкерелейді. «Гвиана дүниежүзілік қоғамдық пікірдің қолдауын табады». «Британ Гвианасы АҚШ-тың стратегиялық аймағы болып табылады» деген Джаган.

ЖАПОНИЯДА ШАХТЕРЛЕРДІҢ ЕРЕУІЛІ

ПАРИЖ, 14 декабрь. (СОТА). Париж радиосы, Токиодан берілген хабарға сүйеніп, бүгін Жапонияның 60 мың

кешілері ереуіл бастағандығын хабарлады.

Редактордың орынбасары **Ғ. НҰРМОЛДИН.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖОҒАЛҒАН МЕЛОДИЯЛАР»

Сеанстар сағат 6,30-8,10-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОТ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Солтүстік Қазақстан кинопрокат бөлімшесі, облыстық Мәдениет Басқармасы аудандық мәдениет бөлімдері және облыстық ауылшаруашылық басқармасымен бірге, ССРО Мәдениет министрлігі мен ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі жариялаған Бүкілодақтық кинофестивальға қатысып, 1953 жылдың 1-декабрінен 1954 жылдың 1 апреліне дейінгі мерзім ішінде облыс аудандарында ауылшаруашылық және ғылыми фильмдер кинофестивалін өткізеді.

Мичуриндік агробиология ғылымының озат тәжірибелерін және ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибелерін суреттейтін ауылшаруашылық фильмдер барлық колхоздарда, совхоздарда және МТС-терде көрсетілетін болады.

Көрсету үшін мынадай фильмдер: «Өсімдіктер клеткалары мен тканьдарының өмірі», «Көпжылдық өңпе шөп», «Тұқым шаруашылығы», «Судан шөбі», «Далалық егістерді зиянды жөндіктерден қорғау», «Дөңді дақылдар егісін күту», «Советтік тұқым шаруашылығы», «Егіннен мол өнім алушы колхоз», «Дөңді дақылдарды механикалық жолмен себу», «Биязы жүнді төлдер мәвелеп өсірілеін», «Торайларды өсіру», «Биязы жүнді қой шаруашылығы үшін», «Колхоздың құс фермалары», «Мал қораларын өрттен сақтандар», «№ 9 киножурнал», «Картопты ұялап және шаршы ұялап отырғызу», жер өңдеу мен малды күту жөніндегі және басқа бірнеше фильмдер таңдап алынған.

Фильмдер көрсетілер алдында ауыл шаруашылығының, колхоздар мен совхоздардың мамандары лекциялар оқыйды, әңгімелер өткізеді.

Кинопрокат - кинофикация.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-36, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс егілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.